

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 152 (9214) | 1953 жылғы 31 июль Жұма | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Есеп беру-сайлау жыйналыстарының идеялық дәрежесі жоғары болсын

Партияның XIX съезі қабылдаған Совет Одағының Коммунистік партиясының жаңа Уставында партияның негізі — бастауыш партия ұйымы екендігі, ал, бастауыш партия ұйымының жоғарғы басшы органы — оның жалпы жыйналымы екендігі атап көрсетілді.

Бастауыш партия ұйымы партияның жоғарғы органдарының негізгі тірегі болып саналады. Ол жергілікті жерлерде партияның жоғарғы органдарының қаулы-қарарларын жүзеге асырады, партияның қалың бұқарамен байланысын күшейтін нығайта береді, еңбекшілерге партияның саясатын насихаттап түсіндіреді, олардың арасында саяси-тәрбие жұмысын жүргізеді.

Ал, партияның жалпы жыйналымы — коммунистердің тәрбие мектебі. Демек, жақсы дайындықпен, идеялық жоғары дәрежеде өткізілген партия жыйналымы коммунистерді партия алға қойған мәселелерді бйыпты түрде, дұрыс шешуге үйретеді. Мұндай жыйналымде коммунистерді партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауға тәрбиелеп, шынықтырып, өсіріп отырады.

Бұл күндері облысымыздың бірқатар бастауыш партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жыйналыстары өтіп жатыр. Бұл жыйналыстар коммунистердің шын мәнісіндегі тәрбие мектебі болып табылады. Өйткені, коммунистер бұл жыйналыстарда партия ұйымдарының өткен есеп беру-сайлау жыйналыстарынан бергі мерзім ішінде істеген жұмыстарының қорытындыларын шығарып, оны кең көлемде талқылайды. Сөйтіп, істе кездескен кемшіліктердің бетін батыл ашып, ол кемшіліктерді жоюдың, жұмысты жақсартудың нақтылы шараларын белгілейді.

Есеп беру-сайлау жыйналыстарында коммунистердің ойғағдай белсенділік көрсетуі, олардың есепті баяндаманы зейін сала тыңдап, қызу нақылдауы — ерекше маңызды іс. Бұл партия бұқарасының өз басшыларының жұмысындағы кемшіліктерді батыл сынайтынын, оны терең танып

тоқталды. Олар өз ұйымдарында партияның XIX съезі қойған міндеттерді орындаудың барысы әлі де болса тиісті дәрежеде емес екендігін айтты.

Партия жыйналыстарында жасалған баяндамаларға, коммунистердің сөйлеген сөзіне қарағанда жоғарыда аталған кәсіпорындарындағы партия ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктердің барлығы байқалады. Оларда коммунистерді, әсіресе, жас коммунистерді тәрбиелеу, олардың идеялық білім дәрежесін арттыру, партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы жұмысты жақсарту және кәсіподақ, комсомол ұйымдарына партия басшылығын күшейту мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінбеген. Партия, комсомол оқуына, еңбекшілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысқа басшылық етуде бірқатар кемшіліктерге жол берілген. Партия жыйналыстары уақытылы өткізіліп отырмаған. Жоғарғы партия органдарының және бастауыш партия ұйымдарының қаулы-қарарларының орындалуы кезінде тексеріліп отырылмаған.

Мұнымен қатар, партия жыйналыстарында өндіріске байланысты мәселелер сирек қаралып келген. Теміржолшылар мен жұмысшылар арасында еңбек тәртібі қатаң сақталмаған. Социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуын ұйымдастыру тиісті дәрежеде болмаған. Жұмыста ақау жіберілуге жол берілген. Өндірісті ұлғайту, еңбек өнімділігін арттыру, өзіндік құнды кеміту жолындағы күрес тиісті дәрежеде жүргізілмеген.

Есеп беру-сайлау жыйналымы — бастауыш партия ұйымының өміріндегі аса елеулі оқиға. Қалалық, аудандық партия комитеттері бұл жыйналыстарды өткізу ісіне тікелей басшылық етіп, зор қамқорлық жасап отырулары керек. Олар есеп беру-сайлау жыйналыстарында сын мен өзара сынның шын мәнісінде өрістетілуіне, біздің ілгері дамуымызға келергі келтіретіндердің барлығын батыл ашып, оны жоғра қажетті жағдайды жа-

## Егін жыйнауды ұйымшылдықпен бастайық!

### Егін орағы басталды

Қарағанды совхозы арпа орағы кірісті. Мұнда арпа жыйнауда 4 комбайн агрегаты жұмыс істейді. Бұл комбайндармен екі күн ішін 150 гектар арпа жыйналды.


Совхоздың комбайншылары быыл егін орағына жақсы әзірленді. Бұл егін орағының бірінші күндерінен-ақ өзінің игілі нәтижесін беруде. Көзір арпа жыйнауда Михаил Несмехов және Сергей Зимин жолдастар сыяқты комбайншылар табысты еңбек етіп жүр. Арпа жыйнаған алғашқы екі сменаның өзінде бұл екеуі күндік норманы 120 проценттен орындады.

Комбайнмен бастырылған астық дереу қырмандарға тасылып, тазаланып жатыр. Совхозда быыл астық қырмандары толық механикаландырылған болатын. Соның нәтижесінде қырмандарда астық дайындау жұмыстары жедел қарқынмен жүргізілуде.

«Страна Советов» колхозының (Булаев ауданы) колхозшылары шөп тананы ауыспалы егіс жүйесін кеңінен меңгеруге күш жұмсауда. Колхозда шөп егісінің көлемі жылма-жыл ұлғая түсіп келеді. Егінің барлық көлемінен мол өнім алу жолындағы күресті күшейте отырып, колхозшылар быыл бітік егін өсірді.

Колхоз тұқымдық бидайық орағы кірісті. Бидайық жыйнауға бір «Сталинец-6», бір өздігінен жүретін комбайн қосылған. Алғашқы күні Дубровский жолдас «Сталинец-6» комбайнымен 28 гектар бидайық орды. Өздігінен жүретін комбайнның комбайншысы Пичугин жолдас та бидайық жыйнауда комбайнның жұмыс өнімділігін арттырып, жақсы нәтижелерге не болуда. Колхозда бидайық жыйнаумен қатар оның тұқымын та-

Астық—Отанымыздың байлығы, бейбіт же-місті еңбекпен шұғылданып жатқан халқымыздың ырысы. Сондықтан да бітік егінді тез және ысырапсыз жыйнап, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау аса маңызды шаруашылық-саяси міндет болып табылады.



Петропавл ауданының «Красный пахарь» колхозы көпжылдық тұқымдық шөптерді жыйнауға кірісті. Комбайншылар Л. Томас пен Штефан «Сталинец-6» және өздігінен жүретін комбайнмен 22 гектар бидайық орды. СУРЕТТЕ: «Красный пахарь» колхозының егін даласында бидайық орып жүрген комбайн және кеңалымды шөп машиналар агрегаты. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## БҰЛАР БЫЙЫЛ ЕГІН ЖЫЙНАМАЙ МА?

Быйыл Ленин ауданындағы «Біраік» және «Еңбек» ауылшаруашылық артельдерінің далаларында егін біркелкі бітік өсіп келеді. Бітік өскен егінді мезгілінде ысырапсыз жыйнау, астықты мол дайындау ең алдымен оған алдын-ала тыңғалық әзірленуге байланысты. Қолда бар егін жыйнайтын және астық тазартатын машиналарды, астық келтіргіштерді және қырмандарды сапалы жөндеу керек. Бір сөзбен айтқанда, егін жыйнау мен астық дайындау науқанның табысты өткізуде бұлардың жақсы жабдықталуы шешуші роль атқарады.

Міне, егін орағы басталды да. Алайда, бұл екі колхозда егін жыйнауға әзірлік жұмыстары күні бүгінге дейін шындал қолға алынбай отыр. Қолда бар егін жыйнайтын, астық тазартатын машиналардың

тііс еді. Бірақ, колхозда әлі күнге дейін бұл машиналар мен астық қоймаларының астық келтіретін орындардың, астық тасыйтын арбалардың бірде-бірі толық жөндеуден өткен жоқ. Егін жыйнау мен астық дайындауға әзірліктеріңіз неге нашар деген сұраққа колхоз председателінің орынбасары Ақмағамбетов жолдас:

—Мұның себебі сол —біз егін орағына әзірлікке әлі мойын бұрмамыз жоқ. Көзір жемішпен дайындаумен көбірек шұғылданып жатырмыз. Шөпті бір жайлы өткен соң егін жыйнауға әзірлікті де шындал қолға аламыз ғой, —деп жауап береді.

Ақмағамбетов жолдас расын, шындықты айтып отыр. Колхоз басшылары машиналарды, астық қырмандарын, арбаларын егін орағы басталардан бірер күн бұ-

тп, астық қоймаларын жаңа астықты қабылдауға жақсы жабдықтауды ойластырып жүрген колхоз басшылары жоқ.

Астық дайындауды табысты жүргізу жақсы жабдықтаған қырмандардың жеткілікті болуына тікелей байланысты делдік. «Еңбек» колхозында астық қырмандары жеткілікті ме? Жоқ. Мұнда небары екі-ақ жабық қырман бар. Оның өзін жөндеу күні бүгінге дейін қолға алынбаған. Бұл қырмандар күрделі жөндеуді керек етеді. Бірақ, не пайда, бұл жұмыс осы уақытқа дейін жүргізілмей келеді.

Осы сыяқты, бұл колхозда екі вялка, екі сортировка, бір зерноулыт және бірнеше астық қоймалары жөндеуден өтуге тиіс еді. Алайда, бұл жұмысқа колхоз әлі кіріскен жоқ. Бұл жұмыстарды атқаруға адамдар, күш-мүмкіншіліктер тіпті бә-



ініктерінің жеткізе айтуына толық мүмкіншілік береді. Сондықтан есеп беру-сайлау жыйналыстарына коммунистердің белсене қатысуына жетісу — партия ұйымдарының басты міндеті.

Партия бұқарасы, деп үйретті И. В. Сталин жолдае, өздерінің басшыларын активтерде, конференцияларда, съездерде тексереді, олардың есептерін тыңдау жолымен, кемшіліктерді сынау жолымен, ақыр аяғында кейбір басшы жолдастарды басылық орындарға сайлау, я сайламау жолымен тексереді.

И. В. Сталин жолдае үйреткендей, бастауыш партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстарының да маңызына осы тұрғыдан қарау қажет. Сондықтан бұл жыйналыстарды идеялық жоғары дәрежеде өткізу үшін оған тығыздықты әзірлену керек. Бұл жыйналыстарда бастауыш партия ұйымының және оның секретарының барлық жұмысы жан-жақты талқылануы, сыннан өтуі қажет.

Партия ұйымдарының үстіндегі жылғы есеп беру-сайлау жыйналыстары партиямыздың XIX съезі алға қойған ұлы міндеттерді мінсіз жүзеге асыру жолына ең алдымен халқының жұмыла кірісіп жатқан жағдайында өтуде. Осы себептен бұл жыйналыстарда талқыланатын әректі мәселенің өзі съездің алға қойған міндеттерінің қандай дәрежеде орындалып келе жатқандығы жөнінде болып отыр. Сондықтан жыйналыстарда сын мен өзара сын кең еріс алуда. Мұны есеп беру-сайлау жыйналыстарында жасалған баяндамалардан және жарыссөзде сөйлеушілердің сөздерінен айқын көруге болады.

Жақында Петропавл темір жол бөлімшесінің көптеген бастауыш партия ұйымдарында, сол сияқты, былғары заводының, темекі фабрикасының, нан комбинатының, «Главмука» басқармасының және «Екінді» кәсіпшілік артелінің бастауыш партия ұйымдарында партия жыйналысы болып өтті. Бұл жыйналыстарға коммунистер белсене қатысып, бастауыш партия ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерге

сауға тиіс. Сын мен өзара сын біздің ішкілерімізді дамуымыздың қозғаушы күші, айбынды құралы.

Партияның XIX съезі жаңа бесжылдықта кәсіпорындары сыяқты, ауыл шаруашылығының алдына да өте жауапты міндеттер қойып отыр. Ауыл шаруашылығы жөніндегі міндеттеріміз аздағы уақытта да барлық ауыл шаруашылығы дақылдың шығымдылығын арттыру, қоғамдық малдың санын және оның өнімділігін көбейту, колхоз шаруашылықтарын механикаландыру ісін жақсарту болып табылады. Ауыл-село коммунистері есеп беру-сайлау жыйналыстарында ұйымның ішкі жұмыстарымен қатар осы жұмыстарға байланысты кемшіліктерді әділ сынға, оны жою жөнінде өз пікірлерін айтуға тиіс. Олар қоғамдық малға жемшөптің берік қорын жасау, егін жыйнауға әзірлікті тез аяқтап, егінді ысрапсыз жыйнап алу, астық дайындау жоспарын табысты орындау шараларын белгілеулері керек.

Есеп беру-сайлау жыйналыстары партиялық ішкі демократияны кеңінен өрістетуге рухында өтуі қажет. Бұл жыйналыстарда да сынға қысым жасау, немесе, оған әрекеттену сыяқты зиянды әдеттердің барлығына да жол берілмеуі керек. Есеп беру-сайлау жыйналыстарының кең өрістетілген сын және өзара сын жағдайында өтуі көп жағдайларда есепті баяндаманың дәрежесіне байланысты. Сондықтан баяндамашылар баяндамаға мұқият әзірленуге, онда барлық мәселені қамтуға, кемшіліктерді батыл ашуға міндетті.

Жоғарыда бастауыш партия ұйымының жалпы жыйналысы тәрбие мектебі дедік. Олай болса, есеп беру-сайлау жыйналыстарында да тәрбие мектебіне айналдырып, оның идеялық жоғары дәрежеде өткізілуін қамтамасыз ету қажет. Сөйтіп, барлық коммунистерді партияның XIX съезі алға қойған айбынды міндеттерді мұлтіксіз жүзеге асыруға жұмылдыру — облыс партия ұйымдарының маңызды ісі.

## Л. Г. Жуков жолдасты Қазақ ССР Жол және транспорт шаруашылығы министрі етіп тағайындау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Уназы

Леонид Григорьевич Жуков жолдае Қазақ ССР Жол және транспорт шаруашылығы министрі болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Э. ӘМІРІЕВ.

Алматы, 29 июль 1953 жыл.

## КОМБАЙНШЫЛАРДЫҢ ЖОҒАРЫ ЖҰМЫС ӨНІМДІЛІГІ

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Орал даласында жанпай егін орылуда. Дала кемелерінің жүздеген жүргізушілері егін жыйнау мерзімін қысқарту, жағармай үнемдеу үшін жарысуда. Октябрь МТС-де жарыста Тимофей Ефремов үздік келеді. Алғашқы бес күннің ішінде ол Чапаев ауданының «Трудовик» колхозының егіс даласында 110 гектар бидай орды. Осы МТС-тің комбайншылары Рамазан

Смағұлов, Николай Черноусов өздерінің агрегаттары мен «Родник новый» және Чапаев атындағы совхоздардың егіс даласында тәулік бойы кідіріссіз жұмыс істеуде.

Зеленовск МТС-нің комбайншылары Никифоров пен Олейников жолдастар егін оруды, астық бастыруда жоғары өнімділікке жетуде.

залау, сорттау жұмыстары да басталған.

Узынкөл совхозының № 2 және № 3 бөлімшелерінде бидайық жыйнаудың басталғанына бүгін үшінші күн. Екі бөлімшеде екі күн ішінде 200 гектардан астам алаңның бидайығы жыйналды. Бидайық жыйнауда комбайншылар Е. Яров және А. Кмор, Васильев жолдастар жұмыс істейді. Бұлар өз комбайндарын толық қуатымен жұмысқа қосып, сменалық тапсырманы асыра орындап жүр.

Совхоз коллективі тұқымдық бидайықты жыйнауды 4.5 күн ішінде толық аяқтамақ. Кәзір бастырылған бидайық тұқымын тазалау жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

Бүгін бидайық жыйнауға Возвышен совхозы да кірісті. Мұнда жұмысқа 12 комбайн қосылды.

Б. ЖАҚЫПСЗ,  
(Өз тілшіміз).

## Көгентамырсыз бидайық шөбі

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында егіншілік бұрынғыдан да гөрі өнімді және жетілген болуға тиіс, өркендеген екі шөбі мен дұрыс ауыспалы егісі болуға тиіс делінген. Егер агротехникалық ережелер мұқият сақталса, біздің облыс жағдайында да көпжылдық шөптерден, әсіресе, көгентамырсыз бидайықтан және беден мол өнім алуға болады. 3 жылдан кейін көпжылдық шөп жерге тамыр-қыйқындарын қалдырып, жердің құнарлылығын арттырады, топырақты минералды тыңайтқыштармен байытады. Бұл ауылшаруашылық дақылдарының өсіп жетілуіне қолайлы жағдай тұрғызады. Тәжірибе көрсеткеніндей, көпжылдық шөптер үш жылдан кейін әрбір гектар жерде 3 тоннадан 5 тоннаға дейін тамыр қалдықтарын қалдырады. Мұның өзі ауылшаруашылық дақылдарының өсіп жетілуі үшін өте мөте қолайлы қорек болып табылады. Көпжылдық шөп егілген жердің топырағында қоректендіргіш заттар көп болады, мұндай топырақ ығалды бойына жақсы тартады да, оның буланым үшуына жол бермейді. Тәжірибеден көрінгеніндей, көпжылдық шөп орнына егілген жаздық бидай зыб пен парға егілген бибадан өнімді көп береді.

Көпжылдық шөп жердің ылғалдығын арттырып қана қоймайды, онымен бірге ол қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің берік қорын жасауға зор мүмкіншіліктер тұрғызады. Мамлют ауданының колхоздарында көпжылдық шөп өсіру тәжірибесіне қарағанда, ауа райы қандай болса да көпжылдық шөптер табиғи

бірде-біреуі жөндемеген. Керек десе, бұл машиналар мен астық дайындауға қажетті құрал-жабдықтар әлі күнге дейін ұста дүкендерінің қасына да түгел жеткізілмеген. Олардың бәрі кез келген жерде, жұмысқа қосуға жарамсыз күйінде жатыр. Амад не, бұл сыяқты төзгісіз жағдайға аталған колхоздың басшылары тіпті де қынжылар емес.

Астық дайындауды үлгілі өткізуде ашық және жабық қырмандарды дұрыс жабдықтаудың және олардың жеткілікті болуының зор маңызы бар. Өйткені, бұл астық тазалайтын, кептіретін машиналарды күнбе-күн жұмысқа қосып, оларды тиімді пайдалануға зор мүмкіншіліктер тұрғызады. Колхоз басшылары мұны білмейді емес, жақсы біледі. Не пайда, олар көре-біле тұра мұндай маңызды мәселеге жеткілікті мән бермей келеді. Мәселен, быйыл «Бірлік» ауылшаруашылық артелінде 20 жәшікті арба, астық өлшеу үшін 14 жәшік, 5 веялка, 15 астық қоймасы, бір жабық қырман, бір зернопульт, 2 лобогрейка, 2 сабан шөмелегіш және егін орағына қажетті басқа да құрал-жабдықтар жөндеуден өтуге

рын қолға алсақ та жөндеп бітіреміз, бұған әлі уақыт бар, деген зиянды пікірдің шырмауынан шыға алмай, істі кенже қалдырып келеді.

Колхоз басшылары жемшөп дайындау жұмыстарымен ғана айналысып, егін орағына әзірлікті мүлде естерінен шығарған. Олар бұған жеңіл-желпі қарайды. Жуырда колхоз басқармасының мәжілісі болды. Онда егін орағына әзірлік жөнінде мәселе талқыланды. Мәжілісте егін жыйнауға әзірлікті жақсартуға бағытталған шаралар белгіленді. Егін жыйнайтын, астық тазалайтын машиналарды жөндеуге, астық қоймаларын жабдықтауға күш-мүмкіншілік жеткілікті бөлінбек болды. Амад қанша, қабылданған қаулы қағаз жүзінде қалды. Колхоз басқармасы қаулының орындалуын ұйымдастырмады, оның орындалуына ешбір бақылау жасамады. Сонымен жағдай бұрынғысына төзгісіз күйінде қалып келеді. Астық қоймаларын жабдықтауға бөлінген 11 колхозшының әлі күнге бірде-біреуі жұмысқа шықпаған. Ал, бұл адамдарды жұмысқа қосып, олардың өнімді жұмыс істеуіне қажетті жағдайлардың бәрін жасау, сөй-

татын машиналарды жөндеуге қажетті бөлшектердің өзі жеткілікті.

«Еңбек» колхозында егін орағына әзірлікті мезгілінде және сапалы аяқтауға күш-мүмкіншілік жеткілікті. Оны шөп шабу сыяқты күрделі жұмыстармен қатар жүргізуге әбден болатын еді. Бірақ колхоз басшылары, оның председатели Умітбаев жолдае «уақыт жетеді» деген зиянды пікірге салынып, егін жыйнау мен астық дайындауға әзірлікті ұмыт қалдырды, оған күш-мүмкіншілікті жұмылдыра білмеді. Міне, соның салдарынан мұнда егін жыйнауға әзірлік осы күнге дейін аяқталмаған.

«Бірлік», «Еңбек» колхоздары егін жыйнауға әзірлік жөнінде кәзір ауданда төзгісіз артта қалды. Бұл колхоздардың басшыларының не ойлағаны бар? Олар быйыл егін жыйнамай ма? Ленин ауданының басшыларының бұл колхоздардағы осы сыяқты төзгісіз жағдайды біле тұра тиісті шара қолданбай отырғанына таңмыз бар.

С. ӘБДІҚАСЫМОВ,  
Ленин ауданы.

жыйналмай, сабақта көп тұрып, ысрап болып жүр. Мамлют ауданы колхоздарының тәжірибесі көгентамырсыз бидайықтың толып пісуін күтпей, оның 80 проценттей піссе жыйнай бастау керек екенін көрсетеді. Мұндай жағдайда шөптің бұл түрінің гектарынан түсетін барлық өнімнің 30—40 процентіндей тұқымдық дән және мал азығындық шөп алуға болады. Көгентамырсыз бидайықты сабақта көп тұрғызуға болмайды, егер ол сабақта көп тұрып қалса, одан тұқымдық өнім алу қиын.

Көгентамырсыз бидайықтың тұқымы өте ұсақ және жеңіл екені белгілі. Сондықтан уақытылы жыйналып алынбаса, ол көбірек ысыраққа ұшырайды. Оны тек ездігінен жүретін комбайнмен, немесе «Сталинец—6» комбайнымен ғана жыйнау керек. Комбайндармен бидайықтың тұқымдық дәні жыйналады. Оның шөбін жыйнау үшін комбайнның артынан кемінде 3 тіркемелі шөп машиналарын жұмысқа қосу қажет. Бидайықтың шөбі екінші күні іле-шала жыйналып, маяға салынады. Көгентамырсыз бидайықтың шөбі малға жақсы азық.

Көгентамырсыз бидайық тұқымы жедел тазартуды қажет етеді. Оның тұқымын бүлінуден сақтау үшін жыйналысымен тазалаудан өткізу керек. Комбайнмен бастырған кезде бидайық тұқымына әртүрлі шөп-шылма араласады. Кезінде тазартылмаса бұлар тұқымды зияндандырады. Олар, әсіресе, тұқымның қызып, бүлінуіне себепші болады. Бірінші тазартуды әрбір колхозда жасауға болатын жабайы машинамен жүргізуге болады. Сол сыяқты бидайық тұқымы ВМ — 2 машинасымен де тазартылады. Бұл жағдайда ол машинаны қайта жабдықтауға тура к-

леді. Оның желдеткіштерінің үштен біріндейін ашық қалдыру керек. Бірінші және екінші тазарту механизмдерінің төменгі елеушітерінің орнына, көздері жиілетілген елеушітер орнатылады. Мұндай жағдайда көгентамырсыз бидайық тұқымын негізгі шөп-шаламнан тазартуға болады. ВМ—2 машинасының цилиндрлерінде бидайықтың тұқымдық дәні ақырғы тазалаудан өтеді. Бұлайша жабдыкталған ВМ—2 машинасымен тәулігіне 40—45 центнер бидайық тұқымы тазартылады.

Мамлют ауданының колхоздарында көгентамырсыз бидайық тұқымы осы әдістермен тазартылып жүр. Көп жерлерде көгентамырсыз бидайық тұқымы қол елеушітерімен, қол триерлерімен тазартылады. Мұндай жағдайда тәулігіне 12—15 центнер ғана тұқым тазартуға болады. Бұл бидайық тұқымын тазартудың ұзақ созылуына, сөйтіп, оның шығымдылық сапасын жоюына әкеліп соғады. Ал, жоғарыдағы әдісті қолдану сапалы бидайық тұқымын дайындауға мүмкіндік береді. Мамлют ауданындағы «Заря коммунизма», «Индустрия» колхоздарында көгентамырсыз бидайық тұқымын тазалап, сорттайтын арнаулы машиналар бар. Бұл колхоздар көгентамырсыз бидайық тұқымын жылма-жыл мол дайындап, көпжылдық шөптің бұл түрінен мол өнім алуға.

Көгентамырсыз бидайық тұқымы мен шөбін және басқа да көпжылдық шөптер тұқымы мен шөбін мезгілімен жыйнап, қоғамдық мал шаруашылығын құнарлы жемшөп қорымен қамтамасыз етейік.

А. ЗАКИРЧЕННО,  
Ауылшаруашылық ғылымының кандидаты.



# ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

## Бригадир—үгітші

Федор Никитич Плаксин жолдастың Петропавл паровоз депосының вагон участогінде бригадир болып жұмыс істей бастауына жыйырма жылдан асты. Жасының ұлғайғанына қарамастан қарт жұмысшы үгіт-бұқаралық жұмысына белсене қатысады, әрі өндіріс озаты. Үкмет пен партия Федор Никитич Плаксиннің ұзақ жылдардағы өндірістегі еңбегін өте жоғары бағалап, оны Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады.

Федор Никитич 1941 жылдан бері партия мүшесі. Ол партия жіберген жерде қажырлы еңбек етіп, іскерлігімен өзі басқаратын бригада жұмысшыларын еңбек өнімділігін арттыруға жұмылдырды. Вагон участогінің партия ұйымы вагоншылар коллективі арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізу үшін оны үгітші етіп белгіледі.

Плаксин жолдас үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізбей бұрын өз участогіндегі адамдармен танысты. Олардың жалпы білімін байқап, әсіресе, қандай мәселелерге көңіл аударатынын біліп алды. Ол жекелеген теміржолшылардың пәтер үйлерінде де болды. Сөйтіп, кейбір үй шаруасындағы әйелдер мен теміржолшылар семьясының газет, журналдарды мезгілінде оқымайтындығын, жаңалықтарды уақытылы біліп отырмайтындығын байқады.

Федор Никитич алғашқы әңгімені өткізу үшін көп оқып, тынақты дайындады. Ол партия ұйымы секретарымен ақылдасып, оның ұсынған әдебиеттерін оқыды. Коллективтең әр әңгімені өткізген сайын оның беделі арта берді. Әңгімесі тыңдаушыларға сондай әсерлі болып, әңгімеге қатысушылардың саны көбейе түсті.

—Теміржолшылармен үздіксіз жүргізілген үгіт-бұқаралық жұмысы өзінің нәтижесін берді, —дейді Федор Никитич. Белгілі бір науқан жүрген кезде саяси үгіт жұмысы ерекше маңыз алады. Ал, үгіт-бұқаралық жұмысын тек белгілі бір науқан кезінде ғана жүргізіп қоймай, күнбе-күн жүргізіп отыру керек. Біздің ұлан-байтақ еліміз қызықты жаңалықтарға толы. Онда, күн сайын, ауыл шаруашылығында, өндірісте және мәдени-құрылыс саласында көптеген жаңалықтар болып жатады. Мұны коллектив мүшелеріне дербесінде жеткізіп отыру— үгітшінің абыройы міндеті болып табылады.

—Үгіт жұмысының бір күні әлі есімде, —дейді үгітші Плаксин жолдас. —ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік жұмыстарының жүріп жатқан кезі. Біз сайлау ережесін талдап оқып отырмыз. Біраздан кейін әңгіме бітті. Әңгіме

проводы туралы очерк жазылған екен. Бұл очеркті олар сүйсіне тыңдады. Міне, мұндай жағдайлар біздің коллективте жиі кездесіп тұрады.

Үгітші Плаксин жолдас әңгімені әр тақырыпта өткізіп, оларды нақтылы фактілермен дәлелдеп отырады. Әңгіме ылғый бір сарында болса, ол тыңдаушыларды жалықтырып жібереді, дейді ол.

Плаксин жолдас теміржолшы мамандығына, оның тәртібіне баса көңіл аударды. Үгітшінің «Еліміздің экономикалық өмірінде темір жол транспортының ролі» деген тақырыптағы әңгімесі коллективті мемлекет тәртібін берік сақтауға жұмылдырды. Үгітші-коммунист Плаксиннің вагон участогі коллективі арасында идеялық жоғары дәрежеде жүргізілген әңгімелері, коллективті сүйсіндіріп, оларды өндірістегі жана табыстарға жігерлендіре түсуде.

Жыл сайын теміржолшылардың мәдени-тұрмыстық дәрежесі жақсарып келеді. Революцияға дейін Омек темір жолы бойында тек 20-ға жуық қана мектеп болатын. Қазір 150 бастауыш, жетіжылдық және орта мектептер, екі техникум, үш техника мектебі және электровоз мұшенистерін даярлайтын бір мектеп бар. Темір жол бойында 17 клуб, 4 вагон-клуб, 160 қызылмүйіз жұмыс істейді. Кітап қоры көп 20 кітапхана, жүзден астам жылжымалы кітапханалар бар. Темір жол бойындағы барлық станциялар мен разъездер және тұрғын үйлер тегіс радиоландырылды.

Үгітшінің күнбе-күнгі жұмысы теміржолшылардың идеялық саяси дәрежесін көтеруге көмектесуде. Олар газет, журналдар мен саяси әдебиеттерді және көркем шығармаларды көптеп оқытып болды. Соңғы кезде газет, журнал алдырушылардың саны артты.

Вагон участогі партия ұйымының секретары Максимов жолдас үгіт-бұқаралық жұмысына күнбе-күн басшылық жасап, үгітшілермен семинар жұмыстарын өткізіп тұрады. Онда СӨБП. XIX етезі материалдары мен И. В. Сталин жолдасының «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегінен лекциялар оқылады. Плаксин жолдас семинарларға белсене қатысады.

Паровоз депосы Плаксин жолдасқа өндірістегі озат еңбегі үшін, үгіт-бұқаралық жұмысына белсене араласқаны үшін талай рет бағалы сыйлықтар берді. Оның коллектив арасында беделі өсуде. Олар Плаксин жолдасы алған социалистік міндеттемені орындау жолында ісімен де, сөзімен де күресуші адам деп танып, өздерінің барлық жұмыстарында одан үлгі

## Есеп беру-сайлау жыйналысы

Қаладағы «1 Май» артелі бастауыш партия ұйымының болып өткен есеп беру-сайлау жыйналысында коммунистер партия ұйымының бір жыл бойғы жұмысын талқылаумен бірге, оған қорытынды жасап, болған кемшіліктерді батыл сынта алды.

Бастауыш партия ұйымы жоғарғы партия органдарының директиваларын басшылыққа ала отырып, есеп беріп отырған уақыттың ішінде партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстардың дәрежесін едәуір жақсартта түсті. Партия ұйымы артель коллективін мемлекеттік жоспар мен қабылданған социалистік міндеттемелерді дербесінде орындауға жұмылдырды.

Артель 1952 жылдың жоспарын асыра орындады. Үстіміздегі жылдың өткен алтын айында артель коллективі 6 мың 400 метр мата үнемдеп, мемлекетке 7 мың сомнан аса пайда келтірді.

Істің жақсы жағын ғана көріп, кемшілікті көрмеу қате болар еді. Артельдің бастауыш партия ұйымы партия мүшелігіне не партия мүшелігіне кандидаттыққа есеп беріп отырған уақыттың ішінде бірде-бір адам тарта алмады. Партия мүшелігіне кандидат Парамонова жолдасының кандидаттық стажы өтсе де, ол әлі партия мүшелігіне қабылданбаған.

Партия ұйымы партияның жауынгер резерві—комсомолецтерден, өндіріс озаттарынан өзінің қатарын толықтырып отыруға тиіс еді. Артельде мұндай адамдар көптеп саналады. Амаз не, олармен ешқандай жұмыстар жүргізілмеген.

Партия ұйымы қабылдаған қаулыларының орындалуын тексеріп отырмайды. Мәселен, партия жыйналысының қаулысы бойынша әр цехта комсомол топтары ұйымдастырылуы керек еді. Бұл ұйымдасқан жоқ. Артель комсомол ұйымының есебінде тұратын 39 комсомолецтен 9 адам ешқандай жұмыс істемейді.

Баяндамашы да, жарысөзде шығын сөйлеушілер де көсіпөдақ ұйымның жұмысы жөнінде ештеңе айтпады. Жыл бойы болған 13 жыйналыстың 5-уі ғана ашық жыйналыс болып өткен.

Партия жыйналысында өндіріс мәселелері аз талқыланады. Жыйналыс тек қалалық комитет белгілеген уақытта ғана өтіп отырады.

Артельде шығарылатын «Стахановец» газетінің редакторы Иващенко жолдас газет бетінде артель өміріне байланысты негізгі мәселелерді сирек жазады. Газетте сын мен өзара сын жоқтың қасы. Алдыңғы қатарлы өндіріс озаттарының тәжірибесі аз жазылады. Иващенко жолдас өзінің сөзінде де қабырға газеті туралы жұмған

## Кино актерлерінің концерті

Петропавлдақтар Москва кино актерлері театрының артистерін өздерінің көптен білетін достарындай жылы шыраймен қарсы алды.

Сахнада РСФСР-дың халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Н. А. Крючков. Ол —ондаған кинофильмдер арқылы совет жұртшылығына ертеден таныс артист. Крючков «Тракторшылар», «Шошқаны және бақташы», «Отан игілігі үшін», «Жомарт жаз», «Майдан», «Мәкейіма» және басқа көптеген кинокартиналарда басты ролдерді үлкен шеберлікпен орындаған актер. Концерт программасында Н. Крючков мысалдар оқыды. Ол өзінің актерлік шеберлігі нәтижесінде оқыған мысалдарының терең мазмұнын тыңдаушыға жеткізе білді.

Кино артистерінің алуан түрлі тақырыптарға арналған концерт программасында Сталиндік сыйлықтың лауреаты В. Ивановтың өнері жұртшылыққа үлкен әсер етті. Жас актер кино көрушілер жұртшылығына кептен мәлім. Ол «Жас гвардия» фильмінде батыр Олег Косевоидың жарқын бейнесін жасаған болатын. В. Иванов, А. Фадеевтің «Жас гвардия» романынан үзіндіні толқынды үнмен оқып бастағанда красдондық жас батырдың жарқын бейнесі көз алдыңызға айқын елестейді. Сол сыяқты, артист Маяковскийдің өлеңдерін де шебер оқып берді.

РСФСР-дың еңбек сіңірген артисі С. Мартинсон мен артистка Максимова «Гречия тауларында» деген драмалық шумақты есте қаларлықтай шебер орындады. Бұл өлшеке ғана шырға шын маңасындағы көркемдік шеберлікпен орындалғандықтан үлкен әлеуметтік мәні бар шығарма-

ға айналды. Максимова грек патриоткасының Гречияны құлданушыларға деген өшпенділігін ойдайғайды бере білді. Ал, Мартинсон іркілденген сөміз, оспадар америкали офицерінің қатерлі кезең тұған уақыттағы қоян жүрек қорқақтығын толық бейнеледі.

РСФСР-дың еңбек сіңірген артистері В. Кулаков пен А. Файт өздері қатысатын «Онуш», «Жоғары награда» және «Эльбадағы кезлесу» кинокартиналарынан орындаған үзінділер жұртшылыққа қатты ұнады. Артистер унамыз кейіпкерлерді орындаумен жаулардың ұсқынсыз бейнесін зрительдер алдында өлтіре әшкерелеп, совет адамдарының жауларға деген өшпенділігін күшейте түседі.

Жұртшылық «Чапаев» фильміндегі Петьканың сүйкімді бейнесін жасаған РСФСР-дың еңбек сіңірген артисі Л. Купилен жүзбе- жүз кездесті.

Қала жұртшылығына «Біздің жас достар» деген әдеби-музыкалық композиция ерекше ұнады. Т. Мирошниченко мен Г. Ромаков жолдастар әдеби-музыкалық композицияның ішкі мәнін, оның алдына қойған мақсатын зрительге жеткізе білді. «Жас достар» —бейбітшілік күрескерлері, бүкіл дүние жүзінің жастары. Олар туралы жас совет артистері ақынды шабытпен, толқын баяндады. «Жас гвардия» фильмінде Иван Туркенич ролі орындаушы Г. Романов сахнада өзінің ерекше дарындылығын көрсетті.

Кино шеберлерінің концерті Петропавл қаласының мәдени өміріндегі елеулі оқиға болып есте қалады.

М. ҚАЛКЕНОВ.

## Экскурсияда болып қайтпы

Отанымыздың кен байлықтарымен, республикамыздың табиғатымен танысу мақсатымен Смирнов орта мектебінің оқушылары (Совет ауданы) оқу жылы аяқталған соң-ақ республикамыздағы Балхаш көлі жағасына саяхатқа шықты. Құрамында 16 оқушы бар саяхатшыларды биология пәнінің оқытушысы Антонина Павловна Усачева және география пәнінің оқытушысы Вера Артемьевна Глухова жолдастар басқарды. Экскурсанттар Смирново —Бурабай курорты —Ақмола —Қарағанды — Балхаш маршрутпен барып, осы маршрут бойынша кейін қайтты. Олар Бурабай курортының тарихымен, Көкше, Вилеуші ағаштар, Ұйықтаушы рыцарь тауларын көрді.

Ал, көмірлі Қарағандыда, шахтерлер сарайында, Жаңа қалада болып, оның құрылысымен, тау-кен техникумында болып, 1936 жылдан бері Отанымызға мамандар даярлап беруде техникумның істеген жұмысымен танысты.

Сол сыяқты, Қарағандыда «Донбасс» және «Макаров» көмір комбайндарымен танысты, № 38 шахтада болып, оның еңбек өнімділігін және жабдықталған техника аспаптарын білді. Ботаника бақшасына барды.

Экскурсанттар Балхаштың балық комбинатында, Мәдениет үйінде, мыс қорыту зауытында, Қоңырат руднигінде болып, мыс, руда өндірудің әдістерімен танысты.

С. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

## Кітап базары

Қалалық мәдениет және демалыс паркіндегі көлдің айналасындағы қазқатар тізілген биік ағаштардың арасынан көптеген адамдардың жыйналып тұрғаны көрінді. Олар—мұнда өткізіліп жатқан «Кітап базарына» кітап алуға келген қала еңбекшілері.

зушыларымен қатар шетел жазушыларының да көптеген шығармалары бар. Ал, қазақ жазушыларының шығармаларына арнап бөлек витрина ұйымдастырылған. Мұнда көптеген қазақ жазушыларының: М. Әуезовтың, С. Мұқановтың, С. Мәуленовтың шығармалары мен

## „Халықаралық жағдайдың шиеленісуін бәсеңдету ісіндегі ірі қадам“

Кореядағы уақытша бітімге қол қою туралы «Гуанминьжибао» газетінің пікірі

ПЕКИН, 29 июль. (СОТА). «Гуанминьжибао» газеті Кореядағы уақытша бітімге қол қою туралы өзінің талдау жасаған мақаласында былай деп жазады:

«Кореядағы соғыс —кәзіргі халықаралық жағдайдың ең шиеленіскен мәселелерінің бірі. Кореяда уақытша бітімнің жүзеге асырылуы халықаралық жағдайдағы кәзіргі шиеленісуді бәсеңдету ісіндегі ірі қадам болып табылатындығы сөзсіз.

Кореядағы уақытша бітім туралы келісімге қол қою, деп мәлімдейді газеті корей және қытай халықтарының қармандық күресінің нәтижесі, бүкіл дүние жүзіндегі бостандық сүйгіш халықтардың қайрат-жігерінің нәтижесі болып табылады.

Алайда, уақытша бітімді бұзу хауіп әлі бар. Лисынманшыл тобыр соғыс гүткіндарын елдеріне қайтару туралы келісімді арсыздықпен бұзып, біздің жағымыздың 27 мың соғыс тұтқынын зорлықпен ұстап қалғаннан кейін американдық жағы еркіне қоя беру позициясын ұстаумен болып, уақытша келісімді бұзуға бағытталған лисынманшыл тобырдың әрекеттерін үндеместен мақұлдай беруде болды.

Сондықтан, — деп атап көрсетеді «Гуанминьжибао» газеті,— корей және қытай халықтары келешекте де өте қырағы болып, уақытша бітім туралы келісімді дәйекті түрде жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін хауіпсіздік шараларын әрдайым қолдануға даяр отыруға тиіс».

Уақытша бітім туралы келісім, деп жазады қорытындысында «Гуанминьжибао» газеті, корей мәселесін бейбітшілік жолмен шешуде бірінші қадам ғана болып табылады. Уақытша бітім жүзеге асырылғаннан кейін корей мәселесін бейбітшілік жолмен шешу принципін дәйекті түрде жүзеге асыру күресінде корей және қытай халықтары бұрынғыдан да күшті жігер-қайрат жұмсайтындығына және осы күресте жаңа жеңістерге жететіндігіне біз сенеміз. Сонымен қатар, бүкіл дүние жүзінің бостандық сүйгіш халықтары Кореядағы уақытша бітімді батыл түрде қолдап, соғыс өртін тұтаңдырушылардың қандай да болса тімсікленуін болдыртпайтындығына, корей мәселесінің бейбітшілік жолмен шешілуіне, халықаралық талас мәселелерді бейбітшілік жолмен реттеуге және халықаралық жағдайдың кәзіргі шиеленісуін бәсеңдетуге көмектеседі деп сенеміз. Бұл бүкіл дүние жүзіндегі халықтардың ортақ үміті мен мүдделеріне сәйкес келеді.

## «ВЬЕТНАМДА СОҒЫСТЫ ТОҚТАТАТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ»

Француз газеттерінің мазмұндамалары ПАРИЖ, 29 июль (СОТА). Француз



тек сақтау ережесімен тара аяқталған жоқ. Тыңдаушылар «Правда» газетінде қандай хабарлар жазылғанды, деп маған сұрақтарды қоя бастады. Сонымен біз «Правда» газетін ұйымдасқан түрде оқуға кірістік. Газетте Москва-Саратов газе-

алады. Федор Никитич Плякшин басқаратын вагон мастерлерінің колоннасы темиржолшылар арасындағы социалистік жарысқа ұштасып, айлық тапсырмаларын асыра орындап, үнемі алда келеді.

**В. СИМОНОВ.**

## Облыс еңбекшілері СОКП-ның 50 жылдығын ұйымшылдықпен атап өтуде

Облысымыздың еңбекшілері СОКП Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі мен СОКП Орталық Комитеті жапындағы Маркс — Энгельс — Ленин — Сталин институтының «Совет Одағының Коммунистік партиясына елу жыл» (1903—1953) деген тезистерін ұйымшылдықпен оқып үйренуде. Колхоз, совхоз, МТС-тер мен өнеркәсіп орындарында партияның

елу жылдығына арналған әңгімелер өткізілуде.

Облыстық кітапхана СОКП елу жылдығына арнап, көрме ұйымдастырды. Онда ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталиннің шығармалары, СОКП тарихы және «Правда» газетінде жарияланған «Совет Одағының Коммунистік партиясына елу жыл» (1903—1953) деген тезис көрнекті жерге қойылған.

## Кәсіпшілік кооперациясы кәсіпорындарының жұмысын жақсартып берейік

ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында жергілікті өнеркәсіп орындарында өнеркәсіп өнімдерін шығарудың мөлшерін, шамамен, 60 процент арттыру көзделген. Мұнда ең алдымен еңбекшілердің көп қолданатын товарлары мен жергілікті құрылыс материалдарын көптеп шығару, сол сияқты, өнімнің сапасын едәуір жақсарту міндеттері белгіленген.

Облыстық кәсіпшілік Советі бойынша 1953 жылдың бірінші жартыжылдық өндірістік жоспары орындалмады, сөйтіп, облыс еңбекшілеріне 700 мың сомның өнімі кем берілді. Кәсіпшілік кооперациясының 29 артельінен 15 артель ғана өндіріс программасын аяқтап шықты.

«Кожхимик», «Друг кооперации», «Деревобделочник» артельдері бірінші жарты жылда өнім шығару жөніндегі тапсырмасын орындауды қамтамасыз ете алмады. Сол сияқты, «Защитник Сталинграда», «Берамик» және «Охотник» артельдері де жоспарды орындамады. Бұл артельдердің басшылары жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін, өнімнің мөлшерін арттырып, өнімнің сапасын жақсартуға беру үшін жеткілікті күрес жүргізбеді, көпшілік қолды товарлардың түр-түрін көбейтуге мән бермей келді. Осының салдарынан үй шаруашылығына қажетті бұйымдарды шығарудың жоспары 34 процент, жегу әбзелдерін жасау 67 процент, аяқ-киім шығару 62 процент қана орындалды.

Кәсіпшілік артельдері шығарып отырған өнімнің сапасы еңбекшілердің өскелең талабын қанағаттандыра алмай отыр. Кәсіпшілік артельдерінің басшылары тех-

никалық бақылау бөлімінің бастықтары мен бракерлер арасында жұмыс жүргізбей, олардың жұмысын бақылауға алмай отыр.

Бірінші май атындағы артельде артельдің техникалық жетекшісі Лаптев, техникалық бақылау бөлімінің бастығы Иващенко жолдастардың өнімінің сапасына жауапсыз қарағандығының салдарынан мінсіз деп шығарылған 1134 сомның өнімі екінші және үшінші сәуірде көшірілді.

Сталин атындағы артельде (артельдің техникалық жетекшісі Счастныи жолдас), сол сияқты, Киров атындағы, «Молот» және басқа артельдерде өнімнің сапасы мүлдем төмен. Бұл артельдерде ақпудың салдарынан болған шығынның мөлшері бірнеше жүз сомдан саналады.

Кәсіпшілік кооперациясы артельдерінің басшылары еңбекшілердің тұрмыстық мүддесін өтеу жөнінде көптеген жұмыс істеуге міндетті еді. Алайда, бұл мәселеге облыстық кәсіпшілік Советі мен оның қарауындағы артельдер жеткілікті назар аудармай келеді. Еңбекшілердің тұрмыстық мүддесін өтеу жөнінде 108 мастерской жұмыс істеудің орнына 92-сі ғана жұмыс істеп, олардың өзі еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің сапасын жақсарту жөнінде әлі күнге дейін мардымды жұмыс атқара алмай отыр. Мастерскойлар санының көбейінінің орнына, олар соңғы уақытта «пайдасыз» деген сылтаумен азайып та барады. Осы себепті аяқкиім, мебель жөндеудің жоспары орындалмай қалды.

Кәсіпшілік артельдерінің қанағаттанғысыз жұмыс істеп отырған себепі кейбір артельдердің басшылары өздеріне тап-

сырылған жұмыс учасоктерінде жауапкершілік сезімін жоғалтып, жұмыстағы кемшіліктерге, әсіресе, өнім сапасының төмендігіне төзіп отыр. Олар артель коллективтерінің алдында тұрған мәселелерді шешуге сын көзімен қарамайды. Мәселен, «Кожхимик» артельінің председатели Уренцев жолдас соңғы уақытта артельге басшылық жұмысын өте нашарлатып жіберген. Осының салдарынан артельде тамыр-таныстық орын алып, шын қажырлы, адал еңбегімен жұртшылыққа танылған жеке адамдарды орнымыз мадақтау, оларға сыйлық беру сияқты теріс әдіс қолданылды. Уренцев жолдас артель мүшелерінің заңды талаптарына құлақ аспай, коллективтің кемшілікті жоюға арналған ұсыныстары мен тілектерін есепке алмады. Сондықтан артель жұмыс жоғары орындай алмады.

«Красный кирпич» артельінің председатели Полещук жолдасының өзінің жұмысына жауапсыз қарағандықтан артель кірпіш шығару ісіне әзірліксіз кірісті, ақыры 4 мыңнан астам күйген кірпіш пайдалануға жарамсыз болып шықты. Кәсіпшілік кооперациясының бірінші уақытта артельдің финансы жағдайы өте нашар. Сол сияқты, Жданов атындағы артельдің жұмысы да ойдағыдай емес. Бұл артель шығарып отырған кірпіштің сапасы төмен.

Жоғарыда аталған кемшіліктерге облыстық кәсіпшілік Советінің басшылары тікелей кімәлі. Олар артельдер коллективімен жұмыс істеуге, социалистік жарысты ойдағыдай ұйымдастырып, алынған міндеттемелерді жүзеге асырып отыру ісіне, сын мен өзара сынды өрістетуге берік әлі күнге дейін мән бермей келеді.

Облыстық кәсіпшілік Советі председателиның орынбасары Шведова жолдас басқарған бөлімнің жұмысы тым қанағаттанғысыз. Осы бөлім артельдер арасында социалистік жарысты ұйымдастыруға,

Витриналар жапына жақындап келгенде бәрімізге таныс «Кітапсыз білім жоқ, білімсіз коммунизм жоқ» деген көсеміміз Лениннің сөздері бірден көзге түседі. Оған кейін Отанымыздың сүйікті ұлдары — Пушкиннің, Горькийдің, Маяковскийдің, Герценнің, Белинскийдің, Жамбылдың портреттері ілініп, кітап жөнінде айтқан олардың даналық сөздері жазылған.

Онда орыс халқының классиктік жа-

сауларды, басқа да жас жазушылардың шығармалары және орыс, шетел жазушыларының қазақ тіліне аударылған көптеген кітаптары бар.

Қала жұртшылығы «Кітап базарына» келіп, әдебиет кітаптарын көптеп сатып алуда. «Кітап базары» ашылған алғашқы күннің өзінде онда 20 мың дана кітап сатылды.

**М. БАЙҚАНОВ.**

## Оқытушылар жазғы демалыс күндерінде

Облысымыздың 300-ден астам оқытушылары үстеміздегі жылы еліміздің санаторийлері мен демалыс үйлерінде демалады. Мәселен, Преснов ауданындағы Николаевка орта мектебінің мұғалімі Ж. Әбішев жолдас Сочиде дем алмақ, Қыялы орта мектебінің 76 жастағы қарт оқытушысы П. Саличко Кисловодскіге жүріп кетті.

Оқытушылар институтының студенттері Х. Мәкенова және В. Боровкова Бурабай курортында дем алуда.

Бастауыш, орта мектеп қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитеті экскурсияға бару үшін 20 жолдама алды. Оның ішінде 15 жолдама кәзірдің өзінде пайдаланылды.

Экскурсияға барып қайтқан қаланың қарт оқытушысы Ф. Старухина және Ленин ауданындағы Покровка жетіжылдық мектебінің директоры А. Невьянцева жолдастар Отанымыздың астанасы Москвада болды.

Жуырда қаладағы № 4 бастауыш мектептің оқытушысы А. Кокарева мен Соколов ауданындағы Налобин мектебінің оқытушысы А. Гуля жолдастар Алтай өлкесіне жүріп кетті.

Қаладағы 8 март атындағы балалар бақшасының тәрбиешісі М. Новолетова мен Марьевка балалар бақшасының тәрбиешісі М. Куц Алматыда экскурсияда жүр.

еңбектің озат әдістерін өндіріске батыл енгізіп отыруға, таңдаулы естахановшылардың жұмыс әдісін кеңінен таратып, оны көпшіліктің игілігіне айналдырып отыруға міндетті еді. Алайда, бұл бөлімнің басшылары социалистік жарысты ұйымдастырумен шұғылданбай келеді, еңбек өнімділігін арттыру үшін күрес жүргізбей отыр. Кәсіпшілік кооперациясының артельдерінде сменалық тапсырманы орын дамай отырған 130-дан астам адамның бар екендігін тек қана осымен дәлелдеуге болады.

Кәсіпшілік артельдерінде күрделі құрылысқа шығарылған қаражатты игеру жұмысы да ойдағыдай емес. 1953 жылы күрделі құрылысқа арналған қаражаттың мөлшері бір миллион сомнан астам. Алайда, бірінші жартыжылдықта күрделі құрылысқа 310 мың сомдай ғана қаражат ұсталды.

Облыстық кәсіпшілік Советінің басшылары еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру мәселесіне жеткілікті көңіл бөлмей келеді. Осы уақытқа дейін артельдерде кірпіш шығару жұмысы механикаландырылмаған. Кірпіш шығару үшін жасалған төрт агрегат, үш двигатель және электр станциясы орнатылмай, бұлар пайдалануға берілмей отыр.

Облыстық кәсіпшілік Советі мен кәсіпшілік артельдерінің басшылары жоғарыда көрсетілген кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, артельдерде еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің сапасын үнемі жақсартуға берік, сөйтіп, жылдық өндірістік жоспарды орындауды қамтамасыз етуге тиіс.

**А. ЧЕРНЫШОВ,**

ҚКП облыстық комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

газеттерінің көпшілігі Кореядағы уақытша бітімді талдай келіп, оны Вьетнамдағы соғысты бейбітшілік жолмен реттеудің мүмкіншілігі туралы мәселемен байланыстырады.

«Пари-пресс» «Энтравезжан» газетінде Морис Ферро «Француздар үшін Оңтүстік-Шығыс Азиядағы жағдайды жалпы реттеудің сағаты соқты» деп жазады. «Кореядағы уақытша бітім туралы хабар алынысымен ақ, — деп мәлімдейді автор, — көптеген француздар Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтататын уақыт жетпеді ме деп сұрастыра бастады... Кәзіргі жағдайда Франция соғыс қыймылдарын тоқтатуға жетісу үшін тырысуға міндетті».

Мақаласының қорытындысында Ферро: «31 мартта Құрама Штаттар мен Франция арасында Корея мен Индо-Қытай бір соғыстың екі майданы болып табылады деп келісілген болатын. Бір майданда атыс тоқтатылғандықтан, екінші майданда да атыс тоқтатылуға тиіс» деп жазады.

«Энформасьон» газеті Кореядағы соғыс тоқтатылғаннан кейін Франция жалғыз соғыс жүргізуші ел болып қалады да бұл жағдай оның Европадағы позициясын бұрынғыдан да әлсірете түседі деп қауіп білдіреді.

## ИТАЛИЯДА БҰРЫНҒЫ ПАРТИЗАНДАРДЫ ҚУДАЛАУ

РИМ, 29 июль. (СОТА). «Уинита» газеті Мачерат қаласының соты 1945 жылы бір опасызды өлім жазасына бұйырғаны үшін бұрынғы 15 партизанды жалпы мерзімі 19 жыл тұтқын жазасына кескендігін хабарлайды.

Редактор **Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЕГОР БУЛЫЧОВ  
ЖӘНЕ БАСҚАЛАРЫ»

Сеанстар сағат 6-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МЕНИҢ УНИВЕРСИТЕТТЕРІМ»

Сеанстар сағат 4-8-де басталады.

«Главметаллосбыттың» Петропавлдағы металл қоймасына түпкілікті жұмысқа жүк тасушылар, шофер және ат күтуші КЕРЕК.  
Адрес: Петропавл қаласы, Андреев көшесі, 78-үй.

Жолдарды пайдалану участогіне жол құрылысшысы-техник КЕРЕК.  
Қызметке қабылдау тәртібі туралы Петропавл қаласы, Коммунист көшесі, 111-үйге келіп түсінік алуға болады. Телефон 2-97.

Петропавл қаласы, Пугачев көшесі, 52-үйде тұрушы Анатолий Андреевич Шаршавин Петропавл қаласы, Жол қатынасы министрлігінің 128-үйінде (2-секция), 5-пәтерде тұрушы Любовь Ефимовна Шаршавинадан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавлдағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.